

КІШІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДАҒЫ КАРЛ ОРФТЫҢ ҚАРАПАЙЫМ МУЗЫКАЛЫҚ СУЫРЫП-САЛМА ЖҮЙЕСІ

*Құлманова Ш. Б.¹

*¹п.ғ.д., профессор, Қазақ Ұлттық Қыздар пед.университеті, Алматы,
Қазақстан
e-mail: kulman_sholpan@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада Карл Орфтың қарапайым музыкалық суырып-салма жүйесі балалардың музыкалық қабілетін дамытуға қалай әсер ететіні жөніндегі мәселелер қарастырылған. Сондай-ақ осыған байланысты баланың эмоционалдық көңіл күйі және әртүрлі музыкалық әрекеттерге қатысу қажеттілігі маңызды рөл атқаратыны белгілі. Мұғалімнің сабаққа жақсы көңіл күймен, ерекше дайындықпен келуі музыка сабақтарының сапасына әсер етіп, оқытылатын және орындалатын музыкалық репертуардың мазмұны, оқыту әдістері мен тәсілдері оқушылардың эмоционалдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретінін жүргізілген зерттеулер дәлелдеді. Б. М. Тепловтың пайымдауынша, эмоционалдық белсенділік балалардың бойындағы музыкалық қабілет пен музыкаға бейімділіктің басты белгісі болып табылады. Сондықтан қарапайым музыкалық суырып-салма жасауды үйрететін сабақтарға оқушылардың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру педагог шеберлігіне де байланысты.

Карл Орфтың «Шульверк. Балаларға арналған музыка» деген танымал әдістемесінен бастау алатын педагогикалық шығармашылығын ғылыми тұрғыда негізделген деп санауға болады. Уақыт сынынан өткен және әлемнің көптеген елдерінде танымал «Орф педагогикасы» қазақстандық мектептердің музыкалық білім саласында да сұранысқа ие болып отыр. Балалардың музыкалық қабілеттерінің дамуына, сондай-ақ олардың қоршаған ортаны адамгершілік-эстетикалық тұрғыда қабылдауына әсер ететін қарапайым музыкалық суырып-салма жүйесінің бірегейлігін ғалымдар зерттеулерінде дәлелдеген.

К. Орфтың педагогикалық идеяларын жалғастырушы ізбасарларының бірі Т. Е. Тютюнникова балалардың бойында зияткерлік, әлеуметтік, эмоционалдық, педагогикалық құндылықтарды қалыптастыруға ықпал ететін қызмет салаларын атап өтті. Карл Орф сияқты ол да баланы музыкалық-шығармашылық тұлға ретінде тәрбиелеу идеясын қолдайды.

Мақала авторы жеке іс-тәжірибесіне, сондай-ақ өзі жетекшілік еткен университет бітірушілердің диплом жобаларына сүйене отырып, Карл Орфтың педагогикасы өмірдің барлық кезеңінде қажет екеніне сендіреді. Шын мәнінде, бұл кіші жастағы балалардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыруға және музыкалық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Тірек сөздер: қарапайым музыкалық шығарма, музыка, балалар, кіші жас, әдістеме, музыка сабағы, зерттеу, Карл Орф

Негізгі ережелер

Бұл мақалада Карл Орфтың қарапайым музыкалық суырып-салма жүйесіне негізделген кіші жастағы балаларды музыка саласында тәрбиелеудің бір бағыты дәлелденген.

Бірқатар халықаралық зерттеулерге қарағанда, қарапайым музыкалық суырып-салма жүйесі мұғалім мен балалар арасындағы «субъект-субъект» қатынасының паритеттік сипатына ие болатын қарым-қатынас жасау барысы мен оның мазмұнын өзгертеді. Сонымен қатар қарапайым музыкалық суырып-салманы бірлесіп жасау барысында балалардың музыкалық қабілеттерінің дамуына мұғалімнің педагогикалық тұрғыдан ықпал ету әдістері мен тәсілдері өзгереді, нәтижесінде екі жақ «мұғалім мен оқушы» арасында «тең» бірлескен қарым-қатынасқа негізделген адамгершілік-эстетикалық тәжірибеге қол жеткізеді.

Балалардың музыкалық дамуында Карл Орфтың қарапайым музыкалық суырып-салма жүйесін қолданудың өзектілігі балалардың шығармашылық және зерттеушілік әрекетін қалыптастыру қажеттілігімен анықталады, ол «күнделікті ойын түрінде балалардың жеке-жеке ерекшелігі ескеріле отырып, музыкалық іс-әрекеттер» арқылы жүзеге асырылуы тиіс [1, 10 б.].

Бұл мәселені зерттеу барысында мынадай аспектілер қарастырылды: оқу үдерісін ұйымдастыру формалары, К. Орфтың музыкалық аспаптармен жұмыс істеу әдістері мен тәсілдері, музыкаға үйрету мен музыка сабақтарын өткізудің дидактикалық шарттары, К. Орфтың қарапайым музыкалық суырып-салма жүйесі бойынша білім беру әдістемесі, музыкалық білім мен дағдыларды меңгеру барысында балалардың музыкалық-шығармашылық әлеуетін дамыту, өз бетінше дербес орындай алуы.

Кіріспе

Кіші жастағы балалардың музыкалық-шығармашылық дамуын ұйымдастыру мүмкіндігі музыкалық білім берудегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Музыкалық тұрғыда дамыту баланың белсенді музыкалық әрекеті барысында тиімді болатыны белгілі.

Өзін қызықтыратын музыкаға, балалардың шулы аспаптарының дыбысына эмоционалды тұрғыда мән беруі оның музыкалық қабілетінің дамуына әсер ететіні сөзсіз. Бұған Б. М. Теплова, Л. А. Баренбойм, О. Т. Леонтьева, Т. Е. Тютюнникова және т.б. алдыңғы қатарлы ғалымдардың еңбектері дәлел бола алады.

Баланың эмоционалды тұрғыдан еркіндігі және музыкаға деген сезімталдығы сабақ барысында қысылуы мен қымсынуын жеңілдетіп, музыкалық бейнелерді сезе білуге және елестете алуға көмектеседі. Мұның бәріне музыкалық іс-әрекеттің барлық түрін: театр қойылымдарын, музыкалық аспаптарда ойнау, ән айту, би билеу, суырып-салмалықты біртұтас оқу-білім беру үдерісіне біріктіретін музыкалық сабақтар ықпал етеді.

Б. М. Теплов «Музыкалық қабілеттердің психологиясы» атты еңбегінде адамның музыкаға бейімділігі мен музыкалық қабілетінің болуын растайтын элемент оның «эмоционалды тұрғыда жауап беруі» болып табылады» деп атап көрсеткен [2, 40 б.].

Кіші жастағы балалардың түрлі музыкалық-орындаушылық іс-әрекеттерін ұйымдастыру бойынша жасалған мақсатты жұмыс барысында

олардың жалпы және музыкалық ой-өрісі дамып, ұжымда өзін ұстау мен өзіндік көзқарастары қалыптасып, шығармашылық қабілеттері мен қиялдары дамидына көзіміз жетті. Олардың ән орындау, би билеу біліктілігі мен музыкалық аспаптарда ойнау дағдылары қалыптасып, қызығушылықтары мен ынталары ояна бастайды.

Осы орайда атақты неміс композиторы және педагогі Карл Орфтың балалардың музыкалық шығармашылығын дамытуға бағытталған «Қарапайым музыкалық суырып-салма жүйесі» деп аталатын музыкалық білім беру жүйесі ерекше орын алады. Музыкалық суырып-салма балалардың жас ерекшелігіне қарай музыка, қозғалыс пен сөйлеу арасындағы тығыз байланысты білдіреді деуге де болады. Импровизациялық ойынға құрылған қарапайым музыкалық суырып-салма музыкалық-шығармашылық ойлауды дамытады.

К. Орф педагогикасының өзектілігі ән айту, би және ырғақты қимылдар жасау, аспапта ойнап отырып, музыка тыңдау, оркестрде орындап жаттығу сияқты музыкалық-ойын әрекетінің барлық түрінің біріктірілуінде болып отыр. Негізінен, бұл әрекет түрлерінің барлығы бір сәтте, бір-біріне кедергі келтірмей, бірін-бірі толықтырып отырады.

Материалдар мен тәсілдер

Зерттеу жұмысымызда қойылған міндеттерді шешу үшін ғылыми музыкалық-педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау әдістерін, интернет-ресурс сайттарында ұсынылған зерттеулерді, бақылаудың эмпирикалық әдістерін, магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін салыстыру және зерттеу әдістерін қолдандық. Алынған эмпирикалық материалдар тәжірибелік-зерттеу жұмысының барлық кезеңдерінде талқыланып, салыстырмалы түрде талданып, тиімділігі дәлелденді.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу жұмысымыздың бір бағыты – Карл Орфтың қарапайым музыкалық суырып-салма жүйесінің кіші жастағы балалардың музыкалық дамуына әсерін зерттеу болды. Біз бұл мәселені мына тұрғыда қарастырдық:

- қазақ тілінде оқытатын бастауыш сыныптарға арналған «Музыка» оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу барысында қолданылған жұмыс іс-тәжірибеміз тұрғысынан;
- университетіміздің «Музыкалық білім беру» мамандығы бойынша бітірушілерінің өндірістік (оқытушылық) және менің жетекшілігіммен жоғары оқу орнына дейінгі тағылымдамадан өту кезеңіндегі эксперименттік-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша.

Мақаланың бірінші бөлімінде біз Карл Орфтың балалардың музыкалық-шығармашылық дамуына бағытталған «Қарапайым музыкалық суырып-салма жүйесіне» тарихи және әдістемелік негіздеме бергіміз келеді.

Карл Орф (1895–1982) – көрнекті неміс композиторы және музыка мұғалімі. Энциклопедиялық деректерге сүйенсек, оның отбасында музыкалық суырып-салмалыққа ерекше көңіл бөлген. Бұл дерекке қарағанда, оның өмірінде музыкалық суырып-салмалық аса маңызды орын алған,

сондықтан ол «фольклорды негізге ала отырып, балаларды музыкалық тұрғыда тәрбиелеудің бірегей жүйесін» жасаған [3]. Оның құрметіне Зальцбург қаласында «Шульверк. Балаларға арналған музыка» деген танымал әдістемесін әлемнің көптеген елдеріне таратып, сонымен оқытатын музыкалық институт ашылды. Бұл әдіс Еуропа елдерінде, Америкада, Канадада, Жапонияда, сонымен қатар көршілес шетелдерде ерекше мойындалды.

Біздің қоғам дамуындағы кеңес заманының 40-жылдарынан бастап және бүгінгі күнге дейін К. Орфтың әдістемесі ТМД елдерінде және әсіресе, Ресейде танымал бола бастады. Л. А. Баренбойм, О. Т. Леонтьева, Т. Е. Тютюнникова, Е. В. Донхаузер, Е. Фаюстова, Е. П. Фаст және басқалар оған дәлел бола алады.

Қазақстанға келсек, әлі мақсатты, теориялық және әдістемелік зерттеулер жүргізілген жоқ, бірақ оның әдістемесі мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде К. Орф ұсынған балалар музыкалық аспаптарын музыка сабақтарында пайдалану түрінде іске асырылды.

К. Орфтың әдістемесінің «Шульверк. Балаларға арналған музыка» деген атауы зерттеу бағытына қарай өзгеріп отырады. Оны «Карл Орфтың әдістемесі», «К. Орфтың педагогикасы», «Орф-педагогика», «Қарапайым музыкалық суырып-салма жүйесі», «К. Орфтың педагогикалық тұжырымдамасы» және т.б. атайды, алайды бәрінің мәні бір – «музыкалық және би импровизациясының көмегімен кейбір пәндік және метапәндік дағдыларды (құзыреттіліктерді) қалыптастырудағы» балалардың музыкалық қабілеттерін анықтап, дамыту [4].

К. Орфтың музыкалық білім беру жүйесінің жетекші идеясы ойын барысында қарапайым аспаптарда ойнауды, түрлі би қимылдарын және шығармашылық тапсырмаларды орындауды үйрену барысында балалардың музыкалық дамуына өздерінің белсенді қатысуы маңызды факт болып табылады. Бұл кездегі мұғалімнің міндеті – тек бағыттаушы болу. К. Орф өз жүйесінің негізгі принципі «үйрену-жасау-шығару» деген өзара тығыз байланысты концепцияға құрылғанын анықтады. Бұл оқушыларға музыканы ғылыми теорияда емес, бірге орындау және құрау арқылы оны шынайы, жанды әрекетте, суырып-салма барысында сезінуге мүмкіндік береді [4,5].

К. Орфтың музыкалық тәрбие жүйесін жете зерттеген алғашқы кеңес ғалымдарының бірі Лев Баренбойм болды. Г. Кеетманның «Қарапайым музыкалық тәрбие» атты еңбегіне сүйене отырып, ол К. Орфты жаңашыл деп атайды. Оның пікірінше, «балалармен жұмыс істеуде» қарапайым музыканы «жоспарлы пайдалану» (немесе В. Томас нақтылағандай, «қарапайым музыкалық суырып-салма», «музыка» ұғымы бұрыннан бар композициямен, ал «музыкалық суырып-салма» – интерпретациямен емес, *in stau nascendi* құрылған, біріккен импровизациямен байланыстырылады) [5, 30 б.].

О. Т. Леонтьева өзінің іргелі еңбегінде К. Орфтың «ұйқыдағы музыка талантын дамытумен қатты айналыспағанын растайды. Оның мақсаты – жеке тұлғаны қалыптастыру. Ал жеке тұлғаны кездейсоқ, қалай болса солай

калыптастыра алмайсың. Шульверк – бұл импровизацияда, ойында ашылатын «бастау» мәселесінің шешімі» [6, 215 б.].

Сонымен, «Шульверк» ұғымы нені білдіреді? К. Орфтың анықтамасы бойынша, неміс тілінен аударғанда «мектеп жұмысы» деген мағынаны білдіреді. Автордың ойынша, оқыту қағидаты балалардың белсенді практикалық іс-әрекетіне, олардың білім алу барысына және «өздерінің идеяларын ұсыну» дағдысына шығармашылық тұрғыда қарауға бағытталған. Осыған орай оқыту үдерісі «жан-жақты болып келеді: тек оқушы мұғалімнен ғана емес, мұғалім – оқушыдан, оқушылар бір-бірінен үйренеді. Орф-педагогика өте сан қырлы» [7].

К. Орфтың мұрасына арналған ғалымдардың зерттеулерін зерделей отырып, біз «Шульверк» атауы түсініктерінің біркелкі емес екеніне көз жеткіздік.

Атап айтқанда, Е. Фаюстовтың «Орф-педагогика деген не» деген мақаласында «Шульверкті Орф техникасы немесе Орф тәсілі деп атауға болады, бірақ ешбір жағдайда әдіс емес». Өйткені жүйелеу, кез келген жағдайда қолдануға болатын кезеңділік жоқ. «Шульверк мұғалімдерді өз зерттеу және оқыту әдістерін дамытуға ынталандыра отырып, үдеріске толығымен енуді талап етеді». Шульверк матрицасын өз идеяларын ұйымдастырып, жүзеге асыруға ұмтылатын шығармашыл, ізденуші мұғалімдер үшін шынайы олжа деп санауға болады [7].

К. Орф идеяларының көрнекті ізбасары – өнертану ғылымдарының докторы, МПМУ «Қарапайым музыкалық суырып-салма» кафедрасының меңгерушісі, Ресей Орф-Шульверк Ассоциациясының көшбасшысы, «Жасауды үйренемін» халықаралық Орф Шульверк семинарының авторы және жүргізушісі Татьяна Эдуардовна Тютюнникова.

Т. Тютюнникова Орф-Шульверк педагогикасының мүмкіндіктерін зерделей отырып, балаларда тәртіптегі құндылық бағдарларды қалыптастыра алатын қызметтің мынадай маңызды бағыттарын атап өтті:

– *Зияткерлік сала* балалардың проблемалық жағдайларды шешу және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, өйткені шығармашылық жұмыс барысында олардың Орф-Шульверк педагогикасы ұсынған қағидаларына сәйкес келетін аналитикалық және интуитивтік ойлау белсенділігі байқалады.

– *Әлеуметтік салада* топтық оқыту үлгісі, яғни барлық қатысушылардың, соның ішінде, мұғалімнің де жан-жақты ұйымдастыруына негізделген музыкалық суырып-салмалық та бар. Бұл саналы деңгейде балалардың бойында бір-біріне көңіл бөлу, эмпатия, көмек көрсету сияқты қасиеттер қалыптасады. Суырып-салма барысында ұжымдық композициялар мен проблемалық оқыту жағдаяттарын құру көшбасшылық қасиеттерді дамытуға ықпал етеді.

– *Эмоциялық салада* да жақсы өзгерістер байқалып отыр. Суырып-салмалық зерттеу жұмыстары балалардың бойындағы түрлі күйзелісті, қобалжу мен алаңдаушылықты, туындаған өкпе-ренішті жойып, өзін-өзі бағалауын арттырады.

– Педагогикалық үдерісте тапсырманы қайталау, тәжірибе жасау және өзін-өзі көрсету үшін балалардың өздері ойдан құрастырған музыкалық-би үйрену элементтерінен тұратын суырып-салмалық ойындар қалыпты жағдайда орындалып жатады. Оқу-тәрбие беру үдерісінде орф-педагогтер балаларды музыкалық сурып-салмаға тарту үшін типтік ойындарды әдейі, саналы түрде қолданады [8].

Т. Тютюнникова өзінің кандидаттық диссертациясында Карл Орфтың «Қарапайым музыкалық білімін» музыкалық педагогикалық тұжырымдама ретінде қабылдай отырып, оның «жеке тұлғаға бағытталған импровизациялық және шығармашылық музыкалық білім беру идеясына» негізделгенін көрсетеді. Онда конструктивті және технологиялық емес, музыкалық қабілеттерді дамытуға ықпал ететін көркемдік және шығармашылық тапсырмаларға баса назар аударылады. Карл Орф шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу мәселесін көтерді» [9].

Оның ойын жалғастыра отырып, мен К. Орфтың музыкалық-педагогикалық тұжырымдамасы «жоспардың айқын шығармашылық бағытымен және практикалық мүмкіншілігімен ғана емес, сонымен бірге әлемдік музыка мәдениетінің терең тарихи бірлігін сезінген «әлем адамы» ретінде гуманист Орфтың мәселеге деген жан-жақты философиялық көзқарасы да қызықтыратынын атап өткім келеді. Және де біздің зерттеуіміз үшін айта кететін маңызды нәрсе – К. Орф концепциясының «музыканың, сөйлеудің, қозғалыстың органикалық байланысына негізделген және адамның ең табиғи шығармашылық өзін-өзі көрсетуіне ықпал ететін» интегративті сипаты [9].

«Музыка сабақтары. К. Орфтың оқыту жүйесі» кітабының алғы сөзінде Тютюнникова барлық санаттағы мұғалімдерді шығармашылыққа шақырады. Баланың «ойынға және шығармашылыққа деген қызығушылығын есепке ала отырып, қоршаған ортаны балалық түйсікпен қабылдау» мүмкіндігін үнемі есте ұстау қажет. «Алғашында шығармашылық ойын сіздің әдеттегі сабағыңыздың кішкене ғана сәтіне айналады, алайда балалардың сабаққа деген ынтасын, бал-бұл жанған көздерінен қызығушылық көргеннен кейін, өзіңіз де шығармашылық тұрғыда шабыттанып, әрі қарай жалғастыра түссіз» [10, 1–2 б.].

Е. П. Фаст Орф әдістемесінің негізгі постулаты ойын деп санайды. Шынымен де ойын қарапайым музыкалық суырып-салмаға үйренудің негізін анықтайды. Музыка, қимыл-қозғалыс, сөз арқылы адамның (тек музыкалық, шығармашылық қана емес, сонымен қатар танымдық) қабілеттері дамиды. «Баланың музыканы меңгеруіндегі музыкалық іс-әрекетке сабақ барысына қатысуға бағытталған жеке белсенділігі есте сақтауға емес, суырып-салмаға негізделген» Орф әдістемесінде материалды ойын барысында меңгеру маңызды [11].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, К. Орфтың педагогикалық жүйесінде ойын балалардың музыкалық әрекетіндегі іргелі формалардың бірі болып табылатынын атап өткім келеді. Есту мен дауысты үйлестіруге, ырғақты, қимыл-қозғалыс пен балалар аспаптарында ойнаудағы

қарапайым музыкалық суырып-салманы дамытуға бағытталған оның жасаған көптеген музыкалық ойындары баланың физикалық және интеллектуалдық дамуына ғана емес, сонымен қатар жеке қасиеттерінің қалыптасуына да ықпал етеді.

Музыкалық материал мазмұнының, жұмыстың әдістері мен тәсілдерінің алуан түрлілігін, қарапайым музыкалық суырып-салмалыққа біріктіретін ұжымдық синкреттік ауызша музыкалық-шығармашылық қызмет түріндегі музыкалық әрекеттің барлық түрінің интегративті сипатын ескерсек, (Т. Е. Тютюнникова) [9], онда «Кіші жастағы балалардың музыкалық қабілетін дамытудағы Карл Орфтың қарапайым музыкалық суырып-салма жүйесі» деген мақаламыздың атауы дәлелденген болып шығады.

Жоғарыда келтірілген материалдарды қорытындылай келе, мақаламыздың бірінші бөлігінде мынадай қорытындыға келдік:

Карл Орфтың қарапайым музыкалық суырып-салма жүйесі:

□ мектепке дейінгі және бастауыш мектептегі музыкалық білім беру тәжірибесінде ең тиімді және қолайлы болып табылады;

□ ауқымды педагогикалық мүмкіндіктері мен құндылық бағдарлары бар, балаларды зияткерлік, әлеуметтік, эмоционалдық және басқа салаларда өмірге дайындайды;

□ ерте жастан балалардың өзін-өзі бағалауын арттыруға, шығармашылық әлеуетін және дербестігін дамытуға көмектеседі.

□ балалардың музыкалық іс-әрекеттің барлық түрлеріне, соның ішінде, музыкалық аспаптарда ойнауға белсенді, шығармашылықпен қатысуына бағытталған.

Карл Орфтың педагогикалық идеяларын тәжірибемізге енгізуге қатысты біз, ең алдымен, бастауыш білім беру деңгейіндегі 1–4-сыныптарға арналған «Музыка» пәні бойынша қолданыстағы үлгілік оқу бағдарламасының «оқушылардың негізгі білімдері мен дағдыларын, музыкалық әрекетте шығармашылық тұрғыда өзін-өзі көрсету және қарым-қатынас жасау жолдарын меңгеру, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениеттің адамгершілік-эстетикалық құндылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру, музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға» бағытталған мақсатына тоқталғымыз келеді [12].

Мақсаттарда көрсетілген негізгі білім беру нәтижелерін К. Орфтың педагогикасымен салыстырсақ, іс жүзінде бірдей мәселелерді шешетінін көреміз. Мысалы:

□ қазақтың дәстүрлі музыкасы мен фольклорының озық үлгілерімен, әлем халықтарының музыкалық шығармашылығымен, классикалық және қазіргі заманғы композиторлардың шығармаларымен таныстыру;

□ музыкалық әрекет барысында шығармашылық, сыни ойлау, зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру;

□ оқушылардың өмірлік тәжірибесіне негізделген танымдық және эмоционалдық әрекет саласын, адамгершілік-эстетикалық сезімдерін,

ассоциативті және бейнелі ойлауын, музыкалық әрекетте қоршаған әлемге деген көзқарасын білдіру қажеттілігін қалыптастыру.

Қазақ тілінде оқытатын бастауыш сыныптарға арналған біз әзірлеген оқу-әдіс темелік кешендерде үлгілік оқу бағдарламасы талаптарының орындалуы әрбір сабақты дамытудың ғылыми негізделген мазмұнымен, әдіс-тәсілдерімен толықтырылған. Әрбір сабақта оқушылар бірінші сыныптан бастап зерттеуге, талдауға, қажетті ақпаратты іздеуге, шығармашылыққа, импровизацияға бағытталған тапсырмаларды орындайды. Көптеген дидактикалық, танымдық, импровизациялық ойындар балалардың зияткерлік, эмоционалдық дамуына, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беруге, олардың дербестігі мен өзін-өзі жүзеге асыру дағдыларын дамытуға бағытталған. Біздің көптеген әдістемелік тәсілдеріміз Орф педагогикасының идеяларымен, Т. Е. Тютюнникованың және мектептегі музыкалық білім беру саласындағы басқа да жетекші мұғалімдердің әдістемелік жүйесімен үндеседі.

Бірінші сыныпқа арналған «Музыка» оқулығының 13-сабағындағы «Ауа райы» тақырыбынан мысалдар келтірейік.

3-тапсырма. Шығармашылық.

□ «Жаңбыр» әнінде айтылатын балалар есімдерінің орнына өзінің немесе сыныптастарының есімдерін қойып орында.

- «Жаңбыр» әнін сүйемелде.



Сурет 1 - «Жаңбыр» әнін шулы аспаптармен сүйемелдеу [13, 61 б.].

Екінші үлгі. 20-сабақ «Жайлауға сапар»

3-тапсырма. Шығармашылық. «Жайлауға барамын» (дидактикалық ойын)

Шарты. Оқушылар төрт топқа бөлінеді. Әр топ жайлауға жету үшін көлік таңдайды. Мысалы, бірінші топ пойызбен барады. Екінші топ мәшинемен жетеді. Үшінші топ атқа мінеді, ал төртінші топ жаяу барады.

Әр топ жайлауға қалай жеткені туралы қызықты әңгіме құрастырып, сахналық көрініс арқылы таныстырылым жасайды. Әр топ өздерінің музыкасын ойнатады. Жүріс *екпінін* (үлестірмелі қағаздарды пайдалана отырып) көрсетеді: *жай, асықпай, жылдам, өте жылдам.*

Таныстырылым жасау барысында оқушылар музыкалық шулы аспаптарды, дереккөздерден алынған материал, пантомима, би мен таныс әндерді пайдалана алады [13, 84 б.].

Жоғарыда келтірілген мысалдар шығармашылық тапсырмалар негізінде музыкалық білім мен дағдыларды меңгеруге ықпал ететін түрлі әдістемелік әдістердің бар екенін көрсетеді.

Одан әрі 6B01401 – Музыкалық білім мамандығы бойынша диплом жұмысын аяқтаған соңғы курс студенттерінің эксперименттік-зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен бөліскіміз келеді.

1. Болатова Тоқжан Маратқызы. «Кіші мектеп жасындағы балалардың музыка сабағында ырғақтық сезімін дамыту (үшінші сынып оқушыларының мысалында)» деген тақырыптағы Lesson study бойынша зерттеу жұмысы.

Зерттеу жұмысы Қостанай облысы Меңдіқара ауданындағы Михайловский орта мектебінің базасында 2023 жылдың 10 қаңтары мен 15 сәуірі аралығында жүргізілді. Экспериментке 3-сыныптың 12 оқушысы қатысты. Lesson study іске асыру барысы мына бағыттарды қамтыды:

1. Оқушыларда қалыптасқан алғашқы ырғақтық сезімдер диагностикасы.

2. Студенттерге сауалнама жүргізу үшін сауалнама әзірлеу (2023 жылдың 16 қаңтарынан 15 сәуіріне дейін).

3. Мұғалімдер тобының ұжымдық жұмысы (пікірталас, ұсыныстар).

4. Оқу-әдістемелік әдебиеттерді, бейнематериалдарды оқу.

5. Эксперимент жүргізу үшін сыныпты таңдау.

6. Эксперименттік сабақтарды өткізу.

7. Рефлексия.

Оқушылардың музыкалық тұрғыда дамуын *алдын ала диагностикалау* нәтижесінде алынған мәліметтер бойынша балалар үш топқа бөлінді:

«А» тобы – музыкалық қабілеттердің дамуының жоғары деңгейі;

«В» тобы – музыкалық қабілеттердің дамуының орташа деңгейі;

«С» тобы – музыкалық дамудың төмен деңгейі.

Lesson study педагогикалық тәсіліне (жапон әдіснамасы) сәйкес эксперимент үш кезеңде өтті: жоспарлау, өткізу, рефлексия.

Оқушылардың ырғақтық сезімін дамыту бойынша жұмыс арнайы әзірленген әдістеме бойынша жүргізілді, оның негізіне Карл Орфтың «Қарапайым музыкалық суырып-салма жүйесі» алынды, оған мыналар кіреді:



Сурет 2 - Үшінші сынып оқушылары музыканың үйемелдеуімен ырғақты жаттығулар жасап жатыр. □ бірте-бірте күрделене түсетін түрлі ырғақ үлгілері бар ән репертуары;

– вокалдық және хор жаттығулары, ырғақтық үлгілері, қарқыны, динамикасы әртүрлі ән айту;

□ балалардың музыкалық аспаптарында, әсіресе шулы аспаптарда ойнау;

□ сабақта пластикалық би және импровизацияланған ырғақтық қимылдарды орындау.

Т. Болатованың сабақтарында Карл Орфтың «Қарапайым музыкалық суырып-салма жүйесі» әдістемесіне сүйене отырып, бірқатар ырғақты қимылдарды жасаған. 4-суретке қараңыз.

2. Гилева Галина Анатольевна «Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың музыкалық дамуына балалар музыкалық аспаптарында ойнаудың әсері» деген тақырыпта диплом жұмысын қорғады.

Г. Гилева ҚБТ (қашықтықтан білім беру технологиялары) студенті бола жүріп, Жетісу облысы Қаратал ауданы Үштөбе қаласындағы «№97 Балалар бақшасы» МБМ мемлекеттік коммуналды қазыналық кәсіпорны базасында тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу жұмысы 2022 жылдың қыркүйегінен 2023 жылдың сәуіріне дейін 10 адамнан тұратын үлкен топта (мектепке дейінгі балалар) жасалды.

Тәжірибелік-ізденіс жұмысы анықтау, қалыптастыру, бақылау арқылы үш кезеңде өткізілді. Осыған орай бұл кезеңдердің әрқайсысының өз мақсаттары мен оларды шешуге арналған міндеттері болды.

Г. Гилева дипломдық жұмысының теориялық бөліміндегі абзацтардың бірін Карл Орфтың, Т. Е. Тютюнникованы, «Орф педагогикасын» мектепке дейінгі білім беру мекемелері мен бастауыш мектептердің оқу-тәрбие үдерісіне енгізумен және зерттеумен айналысқан басқа да ғалым-мұғалімдердің еңбектерін талдауға арнады. Соған орай осы зерттеулерге сүйене отырып, ол мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық музыкалық дамуына ықпал ететін мынадай шарттарды анықтады:

1. Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың мүдделеріне, жас мүмкіндіктеріне және оларды одан әрі дамыту перспективасына бағдарланған музыкалық қызметті ұйымдастыру.

2. Мектеп жасына дейінгі ересек балалар арасында шығармашылыққа бағытталған ортаны ұйымдастыру.

3. Пәндік-дамыту ортасын ұйымдастыру [14, 73 б.].

Осылайша, Г. Гилева эксперименттік жұмыстың барлық кезеңінде музыка сабақтарының қызықты өтуіне және балалардың өз ойын шығармашылықпен көрсете алуына көмектесті. Ол балалардың балалар аспаптарында ойнауын меңгеруіне және барлық музыкалық-шығармашылық тапсырмаларға белсенді қатысуы үшін барлық жағдайды жасады. Ол кейбір балалардың орындаушылық дағдыларын шыңдау үшін қосымша жеке сабақтар өткізді.

Оның эксперименттік-зерттеу жұмысының барлық үш кезеңінде мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың музыкалық қабілеттерінің даму деңгейін бағалау критерийлерін, балалардың музыкалық қабілеттерінің даму деңгейін зерттеуге арналған диагностикалық құралдарды және балалардың музыкалық аспаптарда ойнау дағдыларын тексеру әдістемесін әзірлегенін және тапсырма түрлерін ұсынғанын атап өтеміз.

Музыка жетекшісінің осы ұжыммен жасаған жұмыс нәтижелері, музыкалық аспаптарда ойнау сапасы барлық мерекелік ертеңгіліктерде, ата-аналар мен келген қонақтар алдында, байқауларда және басқа да іс-шараларда сыналды.



Сурет 3 - Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың Наурыз мерекесінде өнер көрсетуі.

Суретте Наурыз мерекесінде шулы аспаптардың сүйемелдеуімен осы топтың ән орындауы бейнеленген.

Осылайша Г. Гилева мынаған көз жеткізді:

- мектеп жасына дейінгі ересек балалардың музыкалық қабілеттерін дамытуда шулы аспаптарда ойнаудың тиімділігі, оның пікірінше, бұл жүйелі және мақсатты түрде жүргізілуі қажет;

- мектеп жасына дейінгі ересек балаларға балалардың музыкалық аспаптарында ойнауды үйретудің сапасын қамтамасыз ететін жағдайлар анықталды;

- балалардың музыкалық даму деңгейін диагностикалауда қолданылған тест тапсырмалары мен музыкалық материалдар сынақтан өткізілді.

Тест тапсырмаларының жинағы мектеп жасына дейінгі ересек балалардың музыкалық қабілеттерін дамыту құралдарының бірі ретінде балаларға музыкалық аспаптарда ойнаумен таныстырудың тиімділігін көрсетті [15].

Қорытынды

Бұл мақалада біз таңдалған тақырыптың маңыздылығын негіздеуге тырыстық. Музыкалық психология мен педагогика, мектепке дейінгі педагогика және бастауыш педагогика саласындағы жетекші ғалымдар мен педагогтардың музыкалық қабілеттерді дамыту мәселесіне арналған еңбектері талданды. Атақты кеңестік психолог, оның іргелі зерттеулері кіші жастағы балалардың музыкалық қабілеттерінің даму сипатын түсінуге мүмкіндік берген Б. М. Тепловқа ерекше көңіл бөлдік. Л. А. Баренбойм, О. Т. Леонтьева, неміс композиторы және педагогі Карл Орфтың музыкалық-педагогикалық қызметіне өз зерттеулерін арнаған басқа да ғалымдар зерттеуіміздің стратегиясын таңдауға мүмкіндік берді.

Кіші жастағы балалардың жалпы және музыкалық даму ерекшеліктері, балалармузыкалық аспаптарында ойнауды меңгеру мәселелері мен мүмкіндіктері нақтыланды.

К. Орфтың еңбектері, атап айтқанда, «Қарапайым музыкалық суырып-салма жүйесі» және «Шульверк. Балаларға арналған музыка» әдістемесі бізге ерекше тірек болды. Оның ең қарапайым музыкалық аспаптарда ойнауға, түрлі би қимылдарын және шығармашылық ойын тапсырмаларын орындауға үйрету барысында балалардың өзіндік музыкалық дамуына белсенді қатысуы туралы негізгі ойы мақаламыздың екінші практикалық бөлігінің мақсатын анықтауға негіз болды.

К. Орфтың педагогикалық идеяларының шынайы ізбасары Т. Е.Тютюнникова балаларға музыкалық білім беруде, олардың музыкалық қабілеттерін дамытуда жаңа бағыттарды ашты, бұл біздің музыкалық өнер құралдары арқылы балалардың шығармашылық дамуының маңыздылығын түсінуді тереңдете түсті. Балалардың қоршаған әлемді музыка, белсенді музыкалық және ойын әрекеттері арқылы танып-білуі балаға тұлғалық даму субъектісі ретінде жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік берді.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, біз мынадай қорытынды жасаймыз:

□ егер кіші жастағы балалар шығармашылықпен белсенді түрде айналысса, онда олардың музыкалық тұрғыда дамуы нәтижелі болады;

□ егер мұғалімдер К. Орфтың элементарлы музыка жасау жүйесін музыкалық іс-әрекеттің барлық түрлерінің біртұтас, синкреттік, шығармашылық белсенді үйлесімі ретінде тәжірибеде қолданып, жүзеге асырса, баланың музыкалық дамуына жақсы ететіні сөзсіз;

□ балалардың музыкалық іс-әрекетіндегі мұғалімнің рөлі бақылаушы емес, бағыттаушы болуы керек, бұл балалардың өзін-өзі жетілдіруіне мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения. Приложение к приказу Министра просвещения Республики Казахстан от 14 октября 2022 года № 422. – Режим доступа: <https://gos24.kz/blog/2000> [Дата обращения: 14.08.2023]

[2] Теплов Б. М. Психология музыкальных способностей. - М.: Академия, 1985. - 103с.

[3] Орф Карл. Режим доступа: <https://world-shake.ru/ru/Encyclopaedia/4026.html> [Дата обращения: 14.08.2023]

[4] Шамрина Е. К., Голубков В. О. Значение педагогической концепции Карла Орфа в музыкальном воспитании младших школьников. – Режим доступа: ociosphaera.com/publication/conference/2017/94/znachenie_pedagogicheskoy_koncepcii_karla_orfa_v_muzykalnom_vospitanii_mladshih_shkolnikov [Дата обращения: 14.08.2023]

[5] Баренбойм Л. А. Элементарное музыкальное воспитание по системе Карла Орфа / Сб. статей. – М.: Музыка, 1978. – 345с.

[6] Леонтьева О. Т. Карл Орф. – М.: Музыка, 1984. – 348 с.

[7] Фаюстова Е. Что такое Орф-педагогика.

– Режим доступа: https://ladamama.com/полезнаяинформация/статья_и_рассказы/одетях_что_такое_орф_педагогика_htm1 [Дата обращения: 14.08.2023]

[8] Тютюнникова Т. Э. Орф-Шульверк педагогика. Основные идеи. – Режим доступа: <https://www.orff.ru/biblioteka/orf-shulverk-pedagogika-osnovnye-idei> [Дата обращения: 16.08.2023]

[9] Тютюнникова Т. Э. Концепция творческого обучения Карла Орфа: История, теория, методика. Диссерт. канд. искусствовед. – М., 1999. – 181 с.

[10] Тютюнникова Т. Э. Уроки музыки. Система обучения К Орфа. – М. ООО «Фирма «Издательство АСТ», ООО «Издательство «Астрель», 2000. – 96 с.

[11] Фаст Е. П. Метод К. Орфа как воспитательная и развивающая система: сборник трудов конференции. // Педагогика, психология, общество: современные тренды: материалы Всерос. науч.-практ. конф. с международным участием (Чебоксары, 24 апр. 2020 г.) / редкол.: Ж.В. Мурзина [и др.] – Чебоксары: ИД «Среда», 2020. – С. 59-61.

[12] Бастауыш білім деңгейінің 1–4-сыныптарына арналған «Музыка» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығына 9-қосымша. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767> [Дата обращения: 16.08.2023]

[13] Музыка: Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық / Құлманова Ш. Б., Сүлейменова Б. Р., Тоқжанов Т. Т. – Алматы: Атамұра, 2021. – 144 б.

[14] Радынова О. П., Катинене А. И., Палавандишвили М. Л. Музыкальное воспитание дошкольников. – М., 2018. – 218 с.

[15] Гилева Г. А. Влияние игры на детских музыкальных инструментах на музыкальное развитие детей старшего дошкольного возраста. Дипломная работа (рукопись). – Алматы: КазНацЖенПУ, 2023. – 53 с.

REFERENCES

[1] Tipovaya uchebnaya programma doshkol'nogo vospitaniya i obucheniya. Prilozheniye k prikazu Ministra prosveshcheniya Respubliki Kazakhstan ot 14 oktyabrya 2022 goda № 422 (Model curriculum for preschool education and training. Appendix to the order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated October 14, 2022 No. 422). – Rezhim dostupa: <https://gos24.kz/blog/2000> [Data obrashcheniya: 14.08.2023]

[2] Teplov B. M. Psikhologiya muzykal'nykh sposobnostey (Psychology of musical abilities). – M.: Akademiya, 1985. – 103s.

[3] Orf Karl (Orff Karl). Rezhim dostupa: <https://worldshake.ru/ru/Encyclopaedia/4026.html> [Data obrashcheniya: 14.08.2023]

[4] Shamrina Ye. K., Golubkov V. O. Znachenije pedagogicheskoy kontseptsii Karla Orfa v muzykal'nom vospitanii mladshikh shkol'nikov (The significance of the pedagogical concept of Carl Orff in the musical education of primary schoolchildren). – Rezhim dostupa: ociosfera.com/publication/conference/2017/94/znachenie_pedagogicheskoy_koncepcii_karla_orfa_v_muzykalnom_vospitanii_mladshih_shkolnikov [Data obrashcheniya: 14.08.2023]

[5] Barenboym L. A. Elementarnoye muzykal'noye vospitaniye po sisteme Karla Orfa (Elementary musical education according to the system of Carl Orff) / Sb. statey. – M.: Muzyka, 1978. – 345s.

[6] Leont'yeva O. T. Karl Orf (Orff Karl). – M.: Muzyka, 1984. – 348 s.

[7] Fayustova Ye. Chto takoye Orf-pedagogika (What is Orff pedagogy). – Rezhim dostupa:

https://ladamama.com/poleznayainformatsiya/stat'ya_i_rasskazy/odetyakh_chno_takoye_orf_pedagogika.htm [Data obrashcheniya: 14.08.2023]

[8] Tyutyunnikova T. E. Orf-Shul'verk pedagogika. Osnovnyye idei (Orff-Schulwerk pedagogy). – Rezhim dostupa: <https://www.orff.ru/biblioteka/orf-shulverk-pedagogika-osnovnye-idei> [Data obrashcheniya: 16.08.2023]

[9] Tyutyunnikova T. E. Kontseptsiya tvorcheskogo obucheniya Karla Orfa: Istoriya, teoriya, metodika (Concept of creative learning by Carl Orff: History, theory, methodology). Dissert.kand. iskusstvoved. – M., 1999. – 181 s.

[10] Tyutyunnikova T. E. Uroki muzyki. Sistema obucheniya K Orfa (Music lessons. K Orff training system). – M. OOO «Firma «Izdatel'stvo AST», OOO «Izdatel'stvo «Astrel'», 2000. – 96 s.

[11] Fast Ye. P. Metod K. Orfa kak vospitatel'naya i razvivayushchaya sistema: sbornik trudov konferentsii (Orff's method as an educational and developmental system: collection of conference proceedings). //Pedagogika, psikhologiya, obshchestvo: sovremennyye trendy: materialy Vseros. nauch.-prakt. konf. s mezhdunarodnym uchastiyem (Cheboksary, 24 apr. 2020 g.) / redkol.: ZH.V. Murzina [i dr.] – Cheboksary: ID «Sreda», 2020. – S. 59-61.

[12] Bastauysh bilim dengeyiniñ 1–4-synyptaryna arnalğan «Muzyka» pəni boyynsha ülgilik ok,u baǵdarlamasy. Kazakstan Respublikasy Bilim zhəne ǵylym ministriniñ 2018 zhylǵy 10 мамыrdaǵy №199 büyryǵyna 9-k,osymsha (Model curriculum for the subject "Music" for grades 1-4 of primary education. Appendix 9 to the Order No. 199 of May 10, 2018 of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan). – Rezhim dostupa: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767> [Data obrashcheniya: 16.08.2023]

[13] Muzyka: Zhalpy bilim беретin mekteptin 1-synybyna arnalğan okulyk (Music: Textbook for the 1st grade of a general education school), /K, ulmanova SH. B., Süleymenova B. R., Tok zhanov T. T. – Almaty: Atamura, 2021. – 144 b.

[14] Radynova O. P., Katinene A. I., Palavandishvili M. L. Muzykal'noye vospitaniye doshkol'nikov (Musical education of preschoolers). – M., 2018. – 218 s.

[15] Gileva G. A. Vliyaniye igry na detskikh muzykal'nykh instrumentakh na muzykal'noye razvitiye detey starshego doshkol'nogo vozrasta. Diplomnaya rabota (rukopis') (The influence of playing children's musical instruments on the musical development of children of senior preschool age. Diploma work (manuscript)). – Almaty: KazNatsZhenPU, 2023. – 53 s.

СИСТЕМА ЭЛЕМЕНТАРНОГО МУЗИЦИРОВАНИЯ КАРЛА ОРФА В МУЗЫКАЛЬНОМ РАЗВИТИИ ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ВОЗРАСТА

*Кульманова Ш.Б.¹

*¹д.п.н., профессор, КазНацЖенПУ, Алматы, Казахстан
e-mail: kulman_sholpan@mail.ru

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы влияния элементарного музицирования Карла Орфа на музыкальное развитие детей. Как известно важную роль, в этом плане, играет эмоциональный настрой, потребность ребенка участвовать в разных видах музыкальной деятельности. В свою очередь исследованиями доказано, что положительный эмоциональный настрой учителя отражается на качестве проводимых музыкальных занятий, на отбор изучаемого и исполняемого репертуара, использование в организации учебного процесса эффективных методов и приемов работы, которые целостно могут оказывать воздействие на эмоциональную активность обучающихся. По утверждению Б.М. Теплова, эмоциональная активность является главным признаком музыкальности и наличия музыкальных способностей. Поэтому, многое зависит от мастерства педагога, который сумеет активизировать и вызвать интерес у детей к занятиям элементарным музицированием.

Обращение к педагогическому творчеству Карла Орфа, основу которой составляет знаменитая методика «Шульверк. Музыка для детей» можно считать обоснованным. Проверенная временем и популярная во многих странах мира «Орф-педагогика», для казахстанского школьного музыкального образования также становится необходимой. Подтверждением тому являются исследования ученых, доказавших уникальность системы элементарного музицирования, которая способна влиять на развитие музыкальных способностей детей, а также на их нравственно-эстетическое восприятие окружающего мира.

Одна из последователей педагогических идей К.Орфа Т. Э. Тютюнникова выделила такие сферы деятельности, способствующие формированию у детей таких ценностных ориентаций как, интеллектуальная, социальная, эмоциональная, педагогическая. Она как и Карл Орф поддерживает идею воспитания музыкально-творческой личности ребенка.

Автор статьи на примере собственных практических поисков, а также выполненных под ее руководством выпускницами университета дипломных проектов, убеждает, что педагогика Карла Орфа работает на все случаи жизни. Она реально способствует формированию творческого потенциала и развитию музыкальных способностей детей младшего возраста.

Ключевые слова: элементарное музицирование, музыка, дети, младший возраст, методика, музыкальное занятие, исследование, Карл Орф

THE SYSTEM OF KARL ORFF'S ELEMENTARY MUSIC MAKING IN THE MUSICAL DEVELOPMENT OF YOUNGER CHILDREN

*Kulmanova Sh.B.¹

*¹d.p.s., Professor, Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: kulman_sholpan@mail.ru

Abstract. The article discusses the influence of Karl Orff's elementary music making on the children's musical development. As is well known, emotional attitude and the child's need to participate in various forms of musical activities play a significant role in this regard. In turn, the research has proved that a teacher's positive emotional attitude is reflected in the quality of

music lessons, the selection of the studied and performed repertoire, the use of effective methods and techniques of the organization work in educational process, which can holistically affect the students' emotional activity. According to B.M. Teplov, emotional activity is the main characteristic of musicality and the presence of musical abilities. Therefore, much depends on the skill of the teacher, who will be able to activate and arouse the children's interest in elementary music making.

Turning to the Karl Orff's pedagogical creativity, the basis of which is the famous methodology "Schulwerk. Music for Children," can be considered justified. Time-tested and popular in many countries, "Orff-pedagogy" is also becoming necessary for Kazakh school music education. This is confirmed by the scientists' research that has proved the uniqueness of the elementary music-making system, which is able to influence the development of children's musical abilities, as well as their moral and aesthetic perception of the surrounding world.

One of the followers of the K.Orff's pedagogical ideas T. E. Tyutyunnikova identified such areas of activity that contribute to the formation of such value orientations in children as intellectual, social, emotional, pedagogical ones. Like Carl Orff, she supports the idea of educating a musically creative personality in children.

The author of the article, based on her own practical research and diploma projects completed under her guidance by university graduates, is convinced that Carl Orff's pedagogy works in all life situations. It genuinely contributes to the development of the creative potential and musical abilities of younger children.

Keywords: elementary music making, music, children, younger age, methodology, music lesson, research, Karl Orff

Статья поступила 10.10.2023